



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ
СОТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫ

“ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІ АРҚЫЛЫ СОТТА КОРПОРАТИВТІК ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ”

Ғылыми жетекші:

Султанов Р.Р., з.ғ.к., доцент

магистрант: Копжурсинов А.М

Қазақстан Республикасында корпоративтік қатынастар саласының белсенді дамуына және олардан туындаған дауларды сотта татуластыру рәсімдерімен реттеуге байланысты.

Құқықтық мемлекеттегі корпоративтік дауларды тиімді реттеу заңды тұлғаларға қатысушылардың құқықтарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге және ұйымның мүлкітік мүдделері мен іскерлік беделін қорғауға мүмкіндік береді

Заңды тұлғаның қатысушыларының корпоративтік дауды шешудің дұрыс әдісін таңдауы – корпоративтік жанжал туындаған заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруын ұзақ уақыт тоқтатпай, жағдайды сәтті және уақтылы шешудің кепілі болып табылады.

Құқықтық дауларды реттейтін баламалы әдістердің бізге белгілі 20-дан астам түрі бар. Бұл ғылыми жұмыста соттық талқылауға балама ретінде мына негізгі рәсімдер: келіссөздер, татуласу келісімі, медиация, партисипативтік рәсімдері қарастырылған.

мақсаты мен міндеттері

Корпоративтік даудың азаматтық-құқықтық мәнін қарастыру, корпорацияда туындаған дауларды татуластыру рәсімдерімен шешу әдістерін түсіндіріп өту және татуластыру рәсімдеріне ғылыми-тәжірибелік талдау жасау, татуластыру рәсімдерінің ұтымды жақтары мен кемшіліктерін саралап, олардың үрдісін нақты талдау, монография дайындау.

Аталған мақсаттар мынадай зерттеудің негізгі міндеттерін шешуді талап етеді:

- Корпоративтік дау ұғымы мен белгілерін зерттеу, корпоративтік жанжалдың құрылымын сипаттау;
- Корпоративтік даулардың әртүрлі классификацияларын қарастыру;
- Татуластыру рәсімдері ұғымының мәнін ашу;
- Шетелдік тәжірибенің Қазақстан үшін тиімді, ұтымды шешімдеріне талдау жасау;
- Қазақстанның қолданыстағы заңнамасындағы татуластыру рәсімдерінің жағдайы;
- Корпоративтік дауларды татуластыру рәсімдерімен шешу преспективалары.

Объектісі

Зерттеудің объектісі болып корпоративтік даулардың құқықтық табиғаты және оларды татуластыру рәсімдерімен шешу институтының даму барысы, ондағы тұлғалардың құқықтық жағдайы, татуластыру рәсімдеріне келу және оның жалпы жасалу тәртібі, субъектілерінің өкілеттігі, отандық және шетелдік тәжірибесі мен сотта корпоративтік дауларды реттеуде татуластыру рәсімдерінің қолданылуы болып табылады.

Әдістемелік негізі

Автор магистрлік жоба еңбегінің жазу процесінде зерттеудің жеке ғылыми әдістерін жүйелі-құрылымдық және жүйелі-функционалдық тәсілдері, салыстырмалы құқықтық талдау, тарихи, логикалық, нормативтік-догматикалық, доктриналық негіздеулер, сараптамалық, статистика мен жинақтау, кешенді зерттеу әдістерін пайдалана отырып қолданды.

Зерттелу дәрежесі

Қарастырылып отырған тақырып, отандық зерттеушілердің назарынан тыс қалмағанымен, спецификалық зерттеу әлі де болса жаңа ізденістерді қажет етеді. Жұмыстың қарастырылған мәселелеріне қарай, отандық және ресейлік оқулықтар, мақалалар, публикациялар негізінде жүргізілді. Атап айтсақ, зерттеу мынадай заңгер ғалымдардың еңбектеріндегі теориялық тұжырымдамаларына негізделген: Ю.Г. Басин, М.К. Сулейменов, Н.С. Зверева, З.Х. Баймолдина, Е.И. Носырева, Д. Давыденко, Н.В. Турышева, В.К. Андреев, В.А. Лаптев, Р.В. Чикулаев, С.Б. Зайнуллин, Н.Г. Семилютина, Ф.С. Карагусов, А.А. Данельян, М.В. Клепоносова, М.С. Княжева, М.А. Романенко.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Магистрлік жоба корпоративтік дауларды реттеудегі татуластыру рәсімдерінің соттық талқылаудағы артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жүргізеді. Зерттеу татуластыру рәсімдерінің Қазақстандық ғылымдағы зерттелу деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар ресейлік және шетелдік зерттеулердің теориялық және тәжірибелік негіздеріне көңіл бөледі. Жұмыстың басты жаңалығына – корпоративтік дауларды реттеудегі татуластыру рәсімдерінің қазақстандық құқық жүйесі мен татуластыру институтындағы алатын орны және заңнамалық даму перспективаларын қарастырады.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы


Қолданыстағы Азаматтық процестік кодекске енгізілген татуласу, медиация, партисипативтік рәсімдеріне жан-жақты талдау жасалған. Сонымен қатар шетелдік тәжірибедегі баламалы рәсімдердің қолданылуы мен даму сатыларына жаңа көзқарас көрсетеді. Соңғы тарауында корпоративтік дауларды татуластыру рәсімдерімен шешудің Қазақстан заңнамасындағы орны, маңыздылығы, ерекшеліктері және даму перспективалары жөнінде автордың ой толғанысы келтіріледі. Осы жұмыс тақырыбына сәйкес зерттеу нәтижелері корпоративтік құқық, медиация және жекелеген арнайы курстар бойынша арнайы құқықтық оқу пәндерін қалыптастыру кезінде пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу, Азаматтық процестік кодексте қарастырылған татуластыру рәсімдері туралы тарауын жан-жақты түсіндіруге және осы тақырып бойынша қызығушылық танытқан зерттеушілерге корпоративтік дауларды реттеудің тиімді жолдарын анықтау кезінде және татуластыру рәсімдерінің терең рөлін саралауға мүмкіндік береді.

Құрылымы мен көлемі

Магистрлік жоба кіріспе, екі тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиет қайнар көздерінен тұрады.

Корпоративтік даулар – қатысушылардың өздері (*акционерлер, мүшелері*) арасында немесе заңды тұлғаның қатысушылары мен басқару органдары арасында басқару, шаруашылық (кәсіпкерлік) қызметті жүргізу және тағы басқалар мәселелері бойынша туындайтын елеулі келіспеушіліктер.

АПК-нің 27-бабының 1-бөлігінде корпоративтік даулар ұғымы берілген, оның субъектілерінің шеңбері көрсетілген және корпоративтік қатынастар саласында туындайтын даулар санаттары белгіленген.



Сот (судья) тараптарға татуластыру рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі

Татуластыру рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, егер АПК немесе заңда өзгеше көзделмесе, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша мәлімделуі мүмкін

СОТТА КОРПОРАТИВТІК ДАУЛАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІМЕН ШЕШУДІҢ ТИІМДІЛІГІ:

- уақыт үнемділігі (*істі сотта қарау біршама уақыт алады*);
- сотқа жүгінгендегі бәршама шығындар (*мемлекеттік баж төлеу, адвокат жалдау, сот шығыны, жол шығыны*);
- корпоративтік дауды татуластыру арқылы арадағы қарым-қатынасты сақтау.

